

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
Ы. АЛТЫНСАРИН АТЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БІЛІМ АКАДЕМИЯСЫ



**Цифрлық
технологияларды
пайдаланып
Ақтөбе облысындағы
шағын жинақты ауыл
мектептерінің
әлеуетін дамыту**

АСТАНА, 2024

МАЗМҰНЫ

3	Кіріспе
4	Пилоттық жобаның мақсаты мен міндеттері
5	Жобаға қатысушы тараптар
8	Қашықтан оқытуды іске асыру
11	Оқыту модельдері
17	Жобаға әдістемелік қолдау көрсету
25	Білім сапасына жүргізілген мониторинг нәтижелері
37	Жоба бойынша қорытындылар мен ұсыныстар

Кіріспе

Қазақстан Республикасы Президентінің «Әділетті Қазақстан: бәріміз және әрқайсымыз үшін. Қазір және әрдайым» сайлауалды бағдарламасында пәндерді оқытудың инновациялық тәсілдерін енгізу, қажетті оқу материалдарын цифрлық форматқа көшіру іс-шаралары көзделген.

Осыған орай, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі және «Қазақстан халқына» қайырымдылық қорының қолдауымен 2023-2024 оқу жылының басынан «Цифрлық технологияларды пайдаланып Ақтөбе облысының шағын жинақты ауыл мектептерінің әлеуетін дамыту» пилоттық жобасы іске асырылды.

Жоба аясында «Білім саласын тұрақты дамыту» қоры тірек және шағын жинақты мектептерді заманауи цифрлық кабинеттермен жабдықтап, оқуға қажетті құралдармен қамтамасыз етті.

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы тарапынан ауыл мектептері мен шағын жинақты мектеп білім алушыларына сапалы білімді қолжетімді ету мақсатында іске асырылған пилоттық жобаға оқу-әдістемелік көмек пен ғылыми-әдістемелік қолдау көрсетілді.

Жоба аясында «Математика», «Физика», «Химия», «Биология» және «Ағылшын тілі» пәндері онлайн оқытылып, шалғайдағы ауыл мектептерінің білім алушыларына облыстың тәжірибелі педагогтері қашықтан сабақтар жүргізді. Педагогтерде сабақта білім беру ресурстарын тиімді пайдалану, оқу материалдарын әзірлеуде тиімді цифрлық қосымшаларды оңтайлы қолдану дағдылары қалыптасып, шыңдалды. Қашықтан оқыту форматында білім алушылармен белсенді қарым-қатынас орнату әдіс-тәсілдерін меңгеріп, кері байланыс беру мен бағалау жүргізуде цифрлық шешімдерді өз тәжірибелеріне енгізді. Тірек және шағын жинақты мектеп педагогтерінің арасында коллаборация орнады. Ауыл мектептері педагогтерінің ортақ пәндік әдістемелік топтары құрылып, тиімді оқыту әдістерін енгізуге бағытталған бірлескен жұмыстары іске асырылды.

Қашықтан оқытуды білім алушылар қызығушылықпен қабылдап, теориялық білімдерін практикалық, зертханалық сабақтарда қолдануда оқуға деген құштарлықтарының артқаны байқалды. Білім алушылардың цифрлық құзыреттіліктері артып, цифрлық кеңістікте өздерін сенімді ұстауға дағдыланды. Сондай-ақ, онлайн сабақтар барысында білім алушылар өзара ынтымақтасып, пікір алмаса көпшілік алдында өз ойын ашық жеткізуге үйренді.

Пилоттық жоба шағын жинақты мектеп педагогтері мен білім алушыларының әлеуетін арттыруға айтарлықтай үлесін қосты.

Мемлекеттік органдар, бизнес және қоғам бірлесіп іске асырылған жоба шалғай ауылдардағы шағын жинақты мектептерге жаңа тыныс бере ауыл білім алушыларына жаңа мүмкіндіктерге жол ашты.

Пилоттық жобаның мақсаты мен міндеттері

Мақсаты

Цифрлық шешімдерді енгізу арқылы Ақтөбе облысындағы шағын жинақты ауыл мектептерінің білім сапасын және оқыту тиімділігін арттыру

Міндеттері

- Мектептерді цифрлық экожүйемен қамту;
- Білім алушылар мен педагогтерге цифрлық білім беру платформаларына қолжетімділікті қамтамасыз ету;
- Білім беру процесінде цифрлық шешімдерді тиімді қолдануда педагогтердің біліктілігі мен құзыреттілігін арттыру;
- Білім алушылардың цифрлық құзыреттіліктерін дамыту;
- Шағын жинақты ауыл мектептерін дамытуда тірек мектептердің мүмкіндіктерін пайдаланып, білімдегі алшақтықты қысқарту.

Негіздемесі

- ҚР Президентінің сайлауалды бағдарламасы
- ҚР ОАМ «Әділетті Қазақстан: бәріміз және әрқайсымыз үшін. Қазір және әрдайым» бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарының «Пәндерді оқытудың инновациялық тәсілдерін енгізу, оқу материалдарын цифрлық форматқа көшіру» 81-тармағын іске асыру бойынша Жол картасы»
- ҚР Оқу-ағарту министрі (14.07.2023 ж. № 211) мен Ақтөбе облысы әкімінің (24.07.2023 ж. № 188) бірлескен бұйрығы және Қаулысы

Ерекшелігі

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі, Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі; «Қазақстан халқына», «Білім беру саласын тұрақты дамыту» қайырымдылық қорларымен шағын жинақты ауыл мектептерінің білім сапасын арттырып, сапалы білімді қолжетімді етуге бағытталған бірлескен жобасы

Жобаға қатысушы тараптар



Qazaqstan
halqyna



БІЛІМ БЕРУ
САЛАСЫН ТҰРАҚТЫ
ДАМУЫТҰ ҚОРЫ



ALTYNŞARIN
AKADEMIASY



TALDAU

Ұлттық зерттеулер және білімді
бағалау орталығы



ROQED
SCIENCE



DARYN.
ONLINE



Тараптардың үлесі

**Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрлігі**

Жобаның үйлестірушісі

**Ақтөбе облысының
әкімдігі**

- жобаның серіктестері және қатысушыларымен бірлесіп Жобаны іске асыру;
- шағын жинақты ауыл мектептеріне интернетке қолжетімділікті қамтамасыз ету;
- жобаға қатысатын педагогтерді іріктеу, даярлау;
- мектептердің цифрлық жабдықталуы мен техникалық сүйемелдеуін қадағалау, іске асыру;
- .

**«Қазақстан халқына»
қайырымдылық қоры**

134 шағын жинақты ауыл мектептерін материалдық-техникалық базамен жарақтандыруда қолдау көрсету.

**Білім беруді тұрақты
дамыту қоры**

- Жобадағы барлық серіктестермен, стейкхолдерлермен өзара іс-әрекет жасау;
- Жобаны іске асырудың барлық кезеңдерін үйлестіру;
- шағын жинақты ауыл мектептерінің қажеттіліктерін, сатып алынатын тауардың техникалық ерекшеліктері мен санын анықтау;
- алынатын құрал-жабдықтарды жеткізушілерді анықтау;
- жеткізуші міндеттемелерінің орындалуын бақылау және т.б.

**Ы. Алтынсарин
атындағы Ұлттық білім
академиясы**

Жобаға оқу-әдістемелік көмекпен ғылыми-әдістемелік қолдау көрсету, әдістемелік ұсынымдар әзірлеу

Тараптардың үлесі

Республикалық ғылыми-практикалық білім мазмұнын сараптау орталығы

Цифрлық платформаларды пайдалануда шағын жинақты мектептерге цифрлық қолдау көрсету.

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы «Талдау» ұлттық зерттеулер және білімді бағалау орталығы

Аналитикалық жұмыстарды жүргізу.

«Өрлеу» біліктілікті арттыру Ұлттық орталығы» АҚ

Педагогтердің біліктілігін арттыру және сүйемелдеуді қамтамасыз ету.

«Bilim Media Group» ЖШС, «Daryn Online» ЖШС, «Aman Sultan» ЖШС, «Roqed» ЖШС

Шағын жинақты ауыл мектептеріне білім беру платформаларының қолжетімділігін қамтамасыз ету.

Қашықтан оқытуды іске асыру

Республикалық деңгей (ҚР Оқу-ағарту министрлігі)

1. Пилоттық жобаны іске асыру бұйрығын бекіту
2. Пилоттық жобаны зерттеу нәтижелеріне сәйкес НҚА-ларға өзгерістер енгізу және т. б.

Республикалық деңгей (Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА)

1. Қашықтан оқыту форматында білім беру процесін апробациядан өткізу
2. Қашықтан оқыту форматында білім беруде инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдануда педагогтерге әдістемелік ұсынымдар әзірлеу
3. Білім беру процесін қашықтан жүзеге асыратын педагогтерге қойылатын талаптарды әзірлеу және т.б.

Облыстық деңгей (Облыстардың білім басқармалары)

1. Пилот шеңберінде қашықтан оқыту форматында білім беру процесін ұйымдастыру бұйрығын (ҚР ОАМ бұйрығы негізінде) бекіту
2. Өлшемшарттарға сәйкес қашықтан оқыту форматында білім беру процесін жүзеге асыруда тірек және магнитті мектептердің тізімін жасақтау
3. Білім беру процесін қашықтан жүзеге асыратын педагогтерге жергілікті қаржыландыру тарапынан еңбекақы төлеу мәселесін қарастыру
4. Білім беру процесін қашықтан ұйымдастыруда нормативтік құқықтық және мазмұнды-қызметтік тараптарды үйлестіру
5. Шағын жинақты ауыл мектептерінің әкімшілігімен педагогтеріне қашықтан оқыту форматында білім беру процесін ұйымдастыруда әдістемелік және ұйымдастырушылық қолдау көрсету
6. Облыстық деңгейде Жобаны іске асыру мониторингін жүргізу
7. Педагогтер мен әдіскерлерді ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге қатыстыру және т.б.

Аудандық деңгей (Аудандық білім бөлімдері)

1. Ауданның шағын жинақты ауыл мектептерінде жекелеген пәндерді қашықтан оқыту форматында білім беру процесін ұйымдастыру бұйрығын (ББ бұйрығының негізінде) бекіту

2. Ауданда қашықтан білім беру процесін ұйымдастыруда әдістемелік және ұйымдастырушылық қолдау

3. Қашықтан оқыту форматында білім беру процесін ұйымдастыруда тірек және магнитті мектептер арасындағы өзара қарым-қатынасты қалыптастыру

4. Жобаны аудандық ауқымда апробациялау және іске асыру мониторингін ұйымдастыру

5. Педагогикалық және ата-аналар қауымдастығы арасында жобаны іске асырудан күтілетін мақсат-міндеттерді айқындау, нәтижелердің болжамын талқылау және т.б.

Мектептер деңгейі: Тірек (ресурстық орталық) және магнитті мектептердің басшылары

1. Пилоттық жобаны іске асыруда аудандық/облыстық білім бөлімі/басқармасы бұйрығын орындау

2. Оқу-тәрбие процесін сапалы, әрі тиімді ұйымдастыруда қолайлы жағдайлар жасау

3. Мектепте оқу қызметін ұйымдастыру

4. Цифрлық технологияларды пайдаланып білім беру процесін іске асыруда педагогтерге ұйымдастырушылық және әдістемелік қолдау көрсету

5. Білім беру процесін жақсартуда талдау және кері байланыс бере отырып, сабақтарға бақылау жүргізу

6. Білім беру процесін жақсарту және жалпы білім беру дағдыларына қолжеткізу мақсатында білім алушылармен сұхбаттар мен сауалнамалар жүргізу

7. Жобаны іске асыруда білім алушылардың білім сапасының артуы/төмендеуіне (тоқсандық, жартыжылдық, жылдық) талдау жүргізу

8. Оқыту практикасын одан әрі жақсартуда ұсынымдар әзірлеу, педагогтер арасында білім алушылардың білім сапасы нәтижелерін (тоқсандық, жартыжылдық, жылдық) талдау

9. Жобаны іске асыруда ата-аналар қауымдастығы арасында білім алушылар білім сапасының артуы/төмендеу нәтижелерін (тоқсандық, жартыжылдық, жылдық) талдау

10. Жобаны іске асыруда педагогтер мен білім алушылардың жетістіктерін БАҚ-та жариялау және т.б.

Қашықтан оқытуда «Математика», «Физика», «Химия», «Биология» және «Ағылшын тілі» пәндері СанЕмН нормаларын сақтап, онлайн жүргізіледі.

Пилоттық жоба аясында білім беру процесінде цифрлық шешімдерді қолдануда **3 модель іске асырылды:**

1. Стриминг
2. ШЖМ-да цифрлық шешімдерді пайдаланып қашықтан жүргізілетін сабақтар
3. ШЖМ-да цифрлық шешімдерді пайдаланып жүргізілетін офлайн сабақтар


Стриминг моделінде моделінде шағын жинақты ауыл мектептерінің білім алушыларына облыстың тәжірибелі педагогтері дәріс-сабақтарды онлайн жүргізеді.

Жоба аясында қашықтан сабақ жүргізетін тірек немесе магнитті мектеп педагогі – бірнеше елді мекен магнитті мектептерінің білім алушыларына қашықтан сабақ өткізуде шағын жинақты мектептердің педагогтеріне әдістемелік қолдау көрсетеді.


Жобаға қатысушы шағын жинақты мектептің педагогі – қашықтан оқытуды ұйымдастыруды (сыныпты онлайн сабаққа қосу, білім алушыларға кері байланыстар беру, меңгерілген материалды бекіту, кері байланыс беруде белгілі бір платформада үй тапсырмасының жүктелуін бақылау және т.б.) қамтамасыз етеді.

Оқыту модельдері



«Стриминг» моделі



Аптасына бір рет «Математика», «Физика», «Химия», «Биология» және «Ағылшын тілі» пәндері қашықтан оқытылды. Облыстың тәжірибелі педагогтері бекітілген сабақ кестесі бойынша бір уақытта барлық 89 шағын жинақты мектептердің білім алушыларына дәріс жүргізеді.



№	Аудан/қала	Мектептер саны	Білім алушылар саны
1	Алға ауданы	11	330
2	Әйтеке би ауданы	9	427
3	Байғанин ауданы	6	310
4	Қобда ауданы	16	460
5	Мәртеқ ауданы	3	67
6	Мұғалжар ауданы	8	413
7	Ойыл ауданы	7	530
8	Ырғыз ауданы	1	1
9	Хромтау ауданы	11	424
10	Темір ауданы	9	214
11	Шалқар ауданы	7	308
12	Ақтөбе қаласы	1	7
	Барлығы	89	3491



1-кесте. «Стриминг» моделі бойынша статистика

«Стриминг дәрістері» – қашықтан білім берудің ортақ формасында педагог онлайн-трансляция (стриминг) арқылы нақты уақыт режимінде ақпарат береді және аудиториямен өзара байланыс орнатылады.

Облыстың тәжірибелі педагогтері – шағын жинақты ауыл мектептерінің білім алушылары мен педагогтеріне жаңа тақырыпты түсіндіреді, тапсырмалар беріп, оқу мақсаттарына сай міндеттерді орындатады.

Шағын жинақты ауыл мектебінің педагогі – сабақтарды оқу бағдарламасына сәйкес жүргізеді, зертханалық және практикалық жұмыстарды ұйымдастырады, жүргізеді.

Жоба бойынша педагогтердің пікірі



Жалғас Н.Ж.
Ақтөбе облыстық әдістемелік орталық
директорының орынбасары

“

Жоба нәтижесінде оқушылардың білім сапасы артты. Шағын жинақты мектеп мұғалімдерінің сабақ өткізудегі жаңа дағдылары және цифрлық құзыреттіліктері қалыптасып, ауыл мектептерінің білім сапасы жаңа деңгейге көтерілді.

”



Жылгелдин С.Ж.
М.Құсайынов атындағы Ақтөбе облыстық дарынды
балаларға арналған мамандандырылған лицей-
интернатының физика пәні мұғалімі


“

Сабақты шағын жинақты мектептердің педагогтерімен бірлесе жоспарлау ұтымды болды.


Сабақта виртуалды платформаларды, цифрлық қосымшаларды пайдалану білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырды.

”

«ШЖМ-да цифрлық шешімдерді пайдаланып қашықтан жүргізілетін сабақтар» моделі




Облыстың 12 тірек мектебіне 36 шағын жинақты магнитті мектептер тіркеліп, магнитті мектептер білім алушыларына тірек мектептердің педагогтері қашықтан сабақ өткізді. Тірек мектептерінің педагогтері сабақты 25-30 минут жүргізіп, қалған 15-20 минутты магнитті мектептердің педагогтері жүргізеді.



№	Тірек мектебі	Магнитті мектеп саны	Контингенті
1	Алға ауданы, Бестамақ ОМ	3	332
2	Байғанин ауданы, Т.Жармағамбетов атынд. ОМ	3	160
3	Әйтеке би ауданы, Т.Жүргенов атынд.ОМ	3	321
4	Қарғалы ауданы, №2 Бадамша ОМ	3	324
5	Қобда ауданы, Қобда ҚОМ	3	310
6	Мәртөк ауданы, №1 Мәртөк ОМ	3	231
7	Мұғалжар ауданы, Қандыағаш қаласының №3 МГ	3	271
8	Ойыл ауданы, Ж.Жүсібалиев атынд. Ойыл ҚОМ	3	218
9	Темір ауданы, №4 Шұбарқұдық ОМ	3	387
10	Хромтау ауданы, №1 Хромтау ОМ	3	261
11	Шалқар ауданы, №3 ОМ	3	238
12	Ырғыз ауданы, Ы. Алтынсарин атынд. ОМ	3	221
	Барлығы	36	3274

2-кесте. «ШЖМ-да цифрлық шешімдерді пайдаланып қашықтан жүргізілетін сабақтар» моделі бойынша статистика

Онлайн/офлайн сабақта 15/20 білім алушыдан құрылған онлайн сынып қалыптастырылады. Тірек мектебінің педагогі сабақтың мазмұнына, білім сапасына жауапты. Шағын жинақты мектептің педагогі өткізілген материалдарды меңгертеді, бекіту жұмыстарын жүргізеді.



Жоба бойынша педагогтердің пікірі



Ешимбетов А.К.


Әйтеке би ауданы Т. Жүргенов атындағы орта мектептің математика пәні мұғалімі

“

Онлайн форматта өткізілген сабақтарға білім алушылар қызығушылық танытып, белсенді қатысады.

Шағын жинақты мектеп педагогтеріне үнемі әдістемелік көмек көрсетіп отырамыз.

”



Кереева А.

Темір ауданы №4 Шұбарқұдық орта мектебінің математика пәнінің мұғалімі

“

Сабақтың қысқа мерзімді жоспары тірек мектептерінің педагогтерімен бірлесе құрылып, сабақтың өткізілуі мен білім сапасы бақыланып отырды.

Шағын жинақты мектепте жоқ құрылғылармен тәжірибе жасау білім алушылардың оқу материалын түсінуін арттырды.

”

«ШЖМ-да цифрлық шешімдерді пайдаланып жүргізілетін офлайн сабақтар» моделі



9
ШЖМ



55
педагог



1504
білім алушы

Шағын жинақты мектеп педагогтері цифрлық шешімдерді пайдалану арқылы сабақ жүргізеді.

№	Мектеп	Білім алушылар	Педагогтер
1	Мұғалжар ауданы, Көтібар батыр ат. НОМ	20	3
2	Мұғалжар ауданы, Еңбек НОМ	21	4
3	Мұғалжар ауданы, Құмсай ОМ	40	8
4	Мұғалжар ауданы, Ащысай НОМ	19	5
5	Байғанин ауданы, Матайқұм ОМ	26	7
6	Байғанин ауданы, Т. Айбергенов ат.ОМ	41	7
7	Байғанин ауданы, С. Жиенбаев ат.ОМ	78	8
8	Шалқар ауданы, Қаратоғай ОМ	51	8
9	Шалқар ауданы, Б. Орынбасаров ат. НОМ	13	5
	Барлығы	309	55

3-кесте. «ШЖМ-да цифрлық шешімдерді пайдаланып жүргізілген офлайн сабақтар» моделінің статистикасы

Жоба бойынша педагогтердің пікірі



Нұртасова Н.Н.

Ж. Жүсімалиев атындағы Ойыл қазақ орта мектебінің ағылшын тілі пәні мұғалімі

“

Ауыл балалары өздерінің білімдерін тереңдетті, сабақ барысында сан түрлі цифрлы ресурстарды, платформаларды пайдалана отырып, өз білімдерін дамытты. Ал, педагогтері өзара тәжірибе алмасты.

”



Ерғалиева А.А.

Темір ауданы №4 Шұбарқұдық орта мектебінің ағылшын тілі пәнінің мұғалімі

“

Жаратылыстану пәндері бойынша практикалық зерттеулер тәжірибелер жүргізу әдістері қолданылды. Бұл оқушылардың зерттеу дағдыларын дамытып, функционалдық сауаттылықтарын арттырды.

”



Жобаға әдістемелік қолдау көрсету




Жоба аясында педагогтермен жүргізілген жұмыстар



«Сәйкестендіру» тапсырмасы

№	Сұрақтар	Жауаптар
1	Күнді айнала қозғалатын ғаламшар жолы қалай аталады?	А Церера
2	«Құйрықты» жұлдыз ғарыш тілінде қалай аталады?	В хромосфера
3	Ең үлкен астероид	С Шолпан
4	Күннің ішкі құрылысына жатады	Д Уран
5	Жер тобының ғаламшары	Е Орбита
6	Алып планета	Ф Комета



Сабақты жоспарлау – – білім алушылардың оқу материалын меңгеру деңгейіне тікелей әсер ететін педагог қызметінің негізгі бағыттарының бірі.

Онлайн сабақты тиімді жоспарлауға арналған ұсыныстар

- 

01.
Оқу мақсаттарын құру

Жоспарлау процесін жеңілдету және білім алушыларға сабақтан не күтілетінін жақсы түсінуге көмектесу үшін оқу мақсаттарын құрыңыз.

Білім алушылардың қажеттіліктеріне сәйкес келетін сенімді әрі ыңғайлы онлайн платформаны таңдаңыз. Оның бейнеконференциялар, экранды бөлісу және чат опциялары сияқты интерактивті мүмкіндіктерінің бар екендігіне көз жеткізу керек.
- 02.**
Платформаны таңдау



Сабақты логикалық бөлімдерге бөліп, білім алушыларға олар ұстанатын нақты құрылым беріңіз. Бұл оларға мазмұнды оңай түсінуге және сабаққа белсенді қатысуға көмектеседі.
- 

03.
Сабақтың құрылымы

Сабақты динамикалық және тартымды ету үшін қызықты және интерактивті материалдарды, бейнелер, суреттер және интерактивті викториналар сияқты әртүрлі мультимедиялық ресурстарды пайдаланыңыз.
- 04.**
Сабақ материалдарын әзірлеу




Пікірталас, топтық жұмыс және виртуалды модельдеу сияқты білім алушыларды ынталандыратын әдістерді қосыңыз. Бұл ынтымақтастықты нығайтуға ықпал етеді және білім алушыларға оқу процесіне белсенді қатысуға мүмкіндік береді.
- 

05.
Әдістерді таңдау

Нақты нұсқаулар мен күтілетін нәтижелерді ұсыныңыз. Білім алушылар олардан не талап етілетінін түсіну үшін көрнекі суреттерді, жазбаша белгілерді және ауызша түсініктемелерді пайдаланыңыз.
- 06.**
Күтілетін нәтижелерді ұсыну



Қарым-қатынас пен ынтымақтастықты дамытыңыз, білім алушыларға бір-бірімен және сізбен мұғалім ретінде қарым-қатынас жасауға мүмкіндік беріңіз. Мұны талқылау тақталары, онлайн форумдар немесе виртуалды жұмыс уақыты арқылы жасауға болады.
- 

07.
Өзара қарым-қатынас орнату

Туындауы мүмкін техникалық ақаулардың алдын алыңыз және резервтік жоспар дайындаңыз. Білім алушыларға ақаулықтарды жою үшін кеңестер беріңіз және қажет болған жағдайда техникалық қолдау көрсетіңіз.
- 08.**
Техникалық қолдау



Оқытуды бағалаңыз және кері байланыс беріңіз, онлайн сабағыңызға формативті және жиынтық бағалауды қосыңыз. Білім алушыларға өздерінің жетістіктерін бағалауға және қажетті жақсартуларды жасауға көмектесу үшін уақтылы кері байланыс беріңіз.
- 

09.
Бағалау және кері байланыс беру

«Стриминг» моделінде сабақты ұйымдастыруға арналған ұсыныстар

Сабақ кезеңі/ Уақыт	Жауапты педагогтер	Іс-әрекет	Пайдаланылатын ресурстар мен оқыту құралдары
Ұйымдастыру кезеңі (5 мин.)	ШЖМ педагогі (ШЖМ білім алушыларының сабаққа қатысуына және сабаққа уақытылы қосылуына жауапты) Бірлескен қызмет: «педагог» – «білім алушы»	Білім алушыларды оқу процесіне тарту: 1. Сабақтың мақсатын анықтау; 2. Сабақ тақырыбы бойынша бағалау критерийлерін талқылау; 3. Сабақ тақырыбын ашуда және түсінуде ақпаратты анықтау	Бағытталған тренажерлерді орындау: - сабақтың тақырыбын түсіну деңгейін анықтау; - өткен материалды қайталау
Операциялық кезең (25-30 мин.)	Онлайн педагог (облыстың тәжірибелі педагогі) (ұсынатын білім беру қызметтерінің сапасына жауапты) Бірлескен қызмет: «педагог» – «білім алушы»	1. Сабақтың тақырыбын меңгерту 2. Жаңа материалды онлайн дәріс форматында түсіндіру	Сабақтың тақырыбы бойынша: - цифрлық оқулықтарды; - интернеттен фотоматериалдарды; - ғылыми және тарихи фильмдер/мультфильмдерді; - презентацияларды, - виртуалды зертханаларды пайдалану ұсынылады
Рефлексия (10-15 мин.)	ШЖМ педагогі (ШЖМ білім алушыларының білім сапасына жауапты) Бірлескен қызмет: «білім алушы» – «білім алушы»; «білім алушы» - «педагог»	1. Оқығанды бағалау (Формативті бағалау); 2. Үй тапсырмасын түсіндіру; 3. Сабақтың мақсатына сәйкес оқу жетістіктерін анықтау; 4. Сабақтың мақсатына жетуде тапсырмаларды орындау; 5. Кең ауқымды дағдыларды дамыту	Тренажерлерді: - білім алушылардың білімін бекітуде; - білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толтыруда пайдалану

Тірек және шағын жинақты ауыл мектептері педагогтерінің магнитті мектеп білім алушыларына өткізетін сабақтары

Сабақ кезеңі/ Уақыт	Жауапты педагогтер	Іс-әрекет	Пайдаланылатын ресурстар мен оқыту құралдары
Ұйымдастыру кезеңі (5 мин.)	ШЖМ педагогі (ШЖМ білім алушыларының сабаққа қатысуына және сабаққа уақтылы қосылуына жауапты) Бірлескен қызмет: «педагог» – «білім алушы»	Білім алушыларды оқу процесіне тарту: 1. Сабақтың мақсатын анықтау; 2. Сабақ тақырыбы бойынша бағалау критерийлерін талқылау; 3. Сабақ тақырыбын ашуда және түсінуде ақпаратты анықтау	Бағытталған тренажерлер: - сабақтың тақырыбын түсіну деңгейін анықтауда; - өткен материалды қайталауда тиімді қолдану
Операциялық кезең (25-30 мин.)	Онлайн-педагог (тірек немесе магнитті мектеп педагогі) (ұсынатын білім беру қызметінің сапасына жауапты) Бірлескен қызмет: «педагог» – «білім алушы»; «білім алушы» – «білім алушы»; «білім алушы» – «педагог»	1. Сабақтың тақырыбын меңгерту 2. Жаңа материалды түсіндіру 3. Сабақтың мақсатына жетуде тапсырмалар орындау 4. Кең ауқымды дағдыларды дамыту	Сабақтың тақырыбында: - цифрлық оқулықтар; - интернеттен фотоматериалдар; - ғылыми және тарихи фильмдер / мультфильмдер; - презентациялар, - виртуалды зертханаларды пайдалану ұсынылады
Рефлексия (10-15 мин.)	ШЖМ педагогі (ШЖМ білім алушыларының білім сапасына жауапты) Бірлескен қызмет: «білім алушы» – «педагог»	1. Оқығанды бағалау (формативті бағалау) 2. Үй тапсырмасын түсіндіру 3. Сабақтың мақсатына сәйкес оқу жетістіктерін анықтау	Тренажерлерді орындау: - білім алушылардың білімін бекіту; - білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру және т. б.

«Жылдам интернеті жоқ мектептерде цифрлық шешімдерді қолданып өткізілетін офлайн сабақтар»

Сабақ кезеңі/ Уақыт	Жауапты педагогтер	Іс-әрекет	Пайдаланылатын ресурстар мен оқыту құралдары
Ұйымдастыру кезеңі (5 мин.)	ШЖМ педагогі (ШЖМ білім алушыларының сабаққа қатысуына және сабаққа уақытылы қосылуына жауапты) Бірлескен қызмет: «педагог» – «білім алушы»	Білім алушыларды оқу процесіне тарту: 1. Сабақтың мақсатын анықтау; 2. Сабақ тақырыбын, бағалау критерийлерін талқылау; 3. Сабақ тақырыбын айқындауда және түсінуде ақпаратты анықтау	Бағытталған тапсырмаларды орындау: - сабақтың тақырыбын түсіну деңгейін анықтау; - өткен материалды қайталау
Операциялық кезең (25-30 мин.)	ШЖМ педагогі (ШЖМ білім алушыларының білім сапасына жауапты) Бірлескен қызмет: «педагог» – «білім алушы»; «білім алушы» – «білім алушы»; «білім алушы» – «педагог»	1. Сабақтың тақырыбын түсіндіру 2. Жаңа материалды түсіндіру 3. Сабақтың мақсатына жету үшін тапсырмаларды орындау 4. Кең ауқымды дағдыларды дамыту	Пайдалануға ұсынылады: - электронды тасымалдағышқа жүктелген цифрлық білім беру ресурстары; - электронды тасымалдағышқа жүктелген цифрлық оқулықтар
Рефлексия (10-15 мин.)	ШЖМ педагогі (ШЖМ білім алушыларының білім сапасына жауапты) Бірлескен қызмет: «білім алушы» - «педагог»	1. Оқығанды бағалау (Формативті бағалау) 2. Үй тапсырмасын түсіндіру 3. Сабақтың мақсатына сәйкес оқу жетістіктерін анықтау	Тапсырмаларды орындау: -білім алушылардың білімін бекіту; - білім алушылардың біліміндегі олқылықтарының орнын толықтыру және т. б.

Онлайн сабаққа белсенді қатысу стратегиялары

1. Білім алушылардың онлайн білім беруге белсенді қатысуын ынталандыруда оқу процесінің басынан нақты күтілетін нәтижелерді белгілеу қажет. Бұл онлайн сабақтың мақсат-міндеттерін егжей-тегжейлі баяндауды, сондай-ақ білім алушылардың қатысу деңгейін нақты анықтайды. Берілген шаралар білім алушылардың рөлі мен міндеттерін түсінуге, өз кезегінде белсенді және мақсатты оқу ортасын қалыптастыруға ықпал етеді.

2. Әртүрлі интерактивті құралдар мен платформаларды пайдалану керек. Чат, сауалнамалар, викториналар және талқылау тақталары сияқты мүмкіндіктерді енгізу білім алушыларға оқу процесіне белсенді қатысу, пікір алмасу, сұрақтар қоюға және қатарластарымен өзара қарым-қатынас жасауға мүмкіндіктер береді.

3. Топтық жобалар немесе іс-шараларды ұсынып, білім алушылар арасындағы ынтымақтастықты ынталандыру ұсынылады. Білім алушыларды бірлесіп жұмыс жасауға, идеяларымен бөлісуге және мәселелерді бірлесіп шешуге дағдыландырыңыз. Топтық тапсырмаларды орындау топтық жұмысқа, сыни ойлауға және тиімді қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді.

4. Сыни ойлауды және сабаққа белсенді қатысуды ынталандыруда білім алушыларды мазмұнды онлайн пікірталастарға шақыру қажет. Ойландыратын сұрақтар қойыңыз, білім алушылардың өзіндік пікірлерін білдіруге және құрметпен пікір алмасуға шақырыңыз. Барлық білім алушыларға өз үлестерін қосуға мүмкіндік бере отырып, пікірталастардың бағыттарын реттеңіз.

5. Білім алушыларды белсенді қатысуға ынталандыруда үнемі сындарлы кері байланыс беріңіз. Олардың қосқан үлестерін бағалап, жіберген қателіктеріне түсіністікпен қарап, тақырыпты одан әрі зерттеуге шақырыңыз. Уақытылы кері байланыс білім алушылардың белсенділігін арттырады және оларға тақырыпты тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

6. Мультимедиялық ресурстарды қосыңыз. Бейне, интерактивті модельдеу секілді мультимедиялық ресурстарды қосу арқылы білім алушылардың белсенділігін арттырыңыз. Берілген ресурстар балама көзқарастарды қамтамасыз етеді және білім алушылар арасында пікірталасты ынталандырады.

7. Білім алушылар қатысуға және өз ойларымен бөлісуге ыңғайлы қолдау көрсететін және инклюзивті онлайн оқыту қауымдастығын құрыңыз. Белсенді тыңдауды, эмпатияны және өз ойларын бөлісу арқылы инклюзивті орта қалыптастырыңыз. Білім алушыларды әртүрлі көзқарастарды бағалауға және сындарлы диалогқа қатысуға шақырыңыз.

8. Арнайы қажеттіліктері бар білім алушыларға жеке қолдау жоспарларын әзірлеуде ата-аналар және онлайн педагог ассистенттермен бірлесе жұмыс жасаңыз.

Жоба аясында әзірленген әдістемелік ұсынымдар

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми-әдістемелік кеңесінің 2024 жылғы 24 сәуірдегі №3 хаттамасының шешімімен баспаға ұсынылды




«Қашықтан оқытуды ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар». – Астана қ.: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2024. - 78 б.

Әдістемелік ұсынымдамада ауылдық шағын жинақты мектептердің білім алушыларына сапалы білімді қолжетімді етуде қашықтан оқыту форматында білім беруді ұйымдастыру мәселелері ұсынылған.

Әдістемелік ұсынымдар облыстық, аудандық білім басқармалары/бөлімдерінің әдіскерлеріне, ауылдық шағын жинақты мектептердің басшылары мен педагогтеріне жұмыс барысында пайдалану мақсатында әзірленді.

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми-әдістемелік кеңесінің 2024 жылғы 24 сәуірдегі №3 хаттамасының шешімімен баспаға ұсынылды



«Біріктірілген сыныптары бар шағын жинақты мектептерде оқу процесін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар». – Астана қ.: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2024. - 44 б.

Әдістемелік ұсынымдар біріктірілген сыныптары бар шағын жинақты ауыл мектептерінде білім беру процесін ұйымдастыруда әдістемелік қолдау көрсету мақсатында әзірленді.

Әдістемелік ұсынымдар облыстық, аудандық білім басқармалары/бөлімдерінің әдіскерлеріне, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкес оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда біріктірілген сыныптары бар шағын жинақты ауылдық мектептердің басшылары мен педагогтеріне арналған.

Білім сапасына жүргізілген мониторинг нәтижелері

Пилоттық жоба шеңберінде оқу жылында 4 тоқсанының білім сапасына мониторинг жүргізді. Облыстық әдістемелік орталық білім сапасының тоқсандар бойынша көрсеткіштерін «BilimClass» электронды журналынан алынған мәліметтерден ұсынды.


«Стриминг» моделі

«Математика» пәні бойынша білім сапасының көрсеткіштері

№	Сыныбы	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан	арту/ төмендеу
1	6-сынып	62,0 %	62,6 %	63,0 %	64,6 %	2,6 %
2	7-сынып	61,8 %	62,0 %	63,0 %	64 %	2,2 %
3	8-сынып	62,4 %	62,6 %	63,0 %	63,5 %	1,1 %
4	9-сынып	62,0 %	62,6 %	63,0 %	63,9 %	1,9 %
5	10-сынып	62,1 %	62,4 %	63,7 %	64,4 %	2,3 %
6	11-сынып	62,5 %	62,3 %	63,0 %	64,7 %	2,2 %

«Математика» пәні бойынша 6-11-сыныптарда білім сапасының артуы байқалды, 1-тоқсан мен 4-тоқсан арасында 6-сыныпта – 2,6 %, 7-сыныпта - 2,2 %, 8-сыныпта – 1,1 %, 9-сыныпта – 1,9 %, 10-сыныпта – 2,3 %, 11-сыныптардың білім сапасы – 2,2 %-ға өскен. «Математика» пәні бойынша білім сапасының жылдық қорытындысының орташа өсімі – 2,05 %-ға артқаны анықталды.


«Математика» пәні бойынша білім сапасы (%)



«Физика» пәні бойынша білім сапасының көрсеткіштері

№	Сыныбы	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан	арту/ төмендеу
1	7-сынып	61,0 %	61,1 %	62,0 %	62,8 %	1,8 %
2	8-сынып	61,1 %	61,4 %	62,3 %	62,5 %	1,4 %
3	9-сынып	61,5 %	61,2 %	62,6 %	63 %	1,5 %
4	10-сынып	61,0 %	61,5 %	62,0 %	62,3 %	1,3 %
5	11-сынып	61,4 %	61,2 %	62,1 %	62,9 %	1,5 %

«Физика» пәні бойынша білім сапасы (%)




«Физика» пәні бойынша 7-11-сыныптардың білім сапасында өсім байқалды. Екінші тоқсанда 9-сыныпта – 0,3 %-ға және 11-сыныпта – 0,2 %-ға төмендегені анықталды.

«Химия» пәні бойынша білім сапасының көрсеткіштері

№	Сыныбы	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан	арту/ төмендеу
1	7-сынып	61,0 %	63,5 %	63,2 %	64 %	3 %
2	8-сынып	61,5 %	63,8 %	63,5 %	64,3 %	2,8 %
3	9-сынып	61,2 %	63,1 %	63,6 %	64,7 %	3,5 %
4	10-сынып	61,4 %	63,0 %	63,8 %	64 %	2,6 %
5	11-сынып	61,6 %	63,0 %	63,8 %	64,8 %	3,2 %

«Химия» пәні бойынша 7-сыныпта – 64 %, 8-сыныпта – 64,3 %, 9-сыныпта – 64,7 %, 10-сыныпта – 64 %, 11-сыныпта – 64,8 % көрсетті. 7-11-сыныптардағы білім сапасының өсімі – 3,02 %-ды құрап отыр.

«Химия» пәні бойынша білім сапасы (%)




«Биология» пәні бойынша білім сапасының көрсеткіштері

№	Сыныбы	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан	арту/ төмендеу
1	7-сынып	66,0 %	67,5 %	67,0 %	67,8 %	1,8 %
2	8-сынып	66,8 %	68,0 %	67,2 %	67,7 %	0,9 %
3	9-сынып	66,7 %	68,6 %	67,0 %	67,5 %	0,8 %
4	10-сынып	66,4 %	68,1 %	67,7 %	67,7 %	1,3 %
5	11-сынып	66,6 %	68,0 %	67,8 %	68 %	1,4 %

«Биология» пәні бойынша 4-тоқсанның білім сапасы 7-сыныпта – 67,8 %, 8-сыныпта – 67,7 %, 9-сыныпта – 67,5 %, 10-сыныпта – 67,7 %, 11-сыныпта – 68 % көрсетті. Жылдық білім сапасының өсімі орта есеппен – 1,24 %-ды құрап отыр.

«Биология» пәні бойынша білім сапасы (%)




«Ағылшын тілі» пәні бойынша білім сапасының көрсеткіштері

№	Сыныбы	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан	арту/ төмендеу
1	6-сынып	45,0 %	46,2 %	46,3 %	51 %	6 %
2	7-сынып	45,3 %	46,0 %	46,7 %	50,5 %	5,2 %
3	8-сынып	45,3 %	47,0 %	46,3 %	50 %	4,7 %
4	9-сынып	45,7 %	46,3 %	46,8 %	51 %	5,3 %
5	10-сынып	45,6 %	46,4 %	46,4 %	50 %	4,4 %
6	11-сынып	45,8 %	46,4 %	46,9 %	52 %	6,2 %

«Ағылшын тілі» пәні бойынша білім сапасының орташа өсімі – 5,3 %-ды құрайды. 8-сыныпта 2-тоқсанмен салыстырғанда 3-тоқсанда білім сапасының төмендеуі байқалады.

«Ағылшын тілі» пәні бойынша білім сапасы (%)




«ШЖМ-да цифрлық шешімдерді пайдаланып қашықтан жүргізілетін сабақтар» моделі

«Математика» пәні бойынша білім сапасының көрсеткіштері

№	Сыныбы	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан	арту/ төмендеу
1	6-сынып	64,4 %	65,0 %	65,2 %	65,6 %	1,2 %
2	7-сынып	63,0 %	64,3 %	64,5 %	65 %	2 %
3	8-сынып	64,5 %	65,0 %	66,0 %	66,5 %	2 %
4	9-сынып	62,0 %	63,9 %	64,0 %	65 %	3 %
5	10-сынып	63,8 %	64,0 %	65,0 %	65,7 %	1,9 %
6	11-сынып	61,5 %	63,0 %	64,0 %	65,2 %	3,7 %

«Математика» пәні бойынша білім сапасының орташа өсімі – 2,3 %-ға артты .

«Математика» пәні бойынша білім сапасы (%)




«Физика» пәні бойынша білім сапасының көрсеткіштері

№	Сыныбы	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан	арту/ төмендеу
1	7-сынып	66,0 %	66,8 %	66,6 %	67 %	1 %
2	8-сынып	64,0 %	64,3 %	64,2 %	64,9 %	0,9 %
3	9-сынып	65,0 %	65,8 %	65,0 %	66 %	1 %
4	10-сынып	66,2 %	66 %	65,5 %	66,5 %	0,3 %
5	11-сынып	65,0 %	64,7 %	66,0 %	66,9 %	1,9 %

«Физика» пәні бойынша білім сапасының артуымен қатар төмендеуі де байқалады. 3-тоқсанда білім сапасының төмендеуі барлық сыныптардан байқалады. 10-сыныпта 1-тоқсанмен салыстырғанда 3-тоқсанда сапа 0,7 %-ға төмендеген. 4-тоқсан нәтижесімен салыстырғанда білім сапасының артуы -1,02 %-ды құрайды.

«Физика» пәні бойынша білім сапасы (%)




«Химия» пәні бойынша білім сапасының көрсеткіштері

№	Сыныбы	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан	арту/ төмендеу
1	7-сынып	64,4 %	65,1 %	61,5 %	64,43 %	0,03 %
2	8-сынып	63,0 %	63,0 %	62,0 %	63,4 %	0,4 %
3	9-сынып	64,5 %	61,4 %	61,6 %	65 %	1 %
4	10-сынып	62,0 %	63,0 %	63,4 %	64,4 %	2,4 %
5	11-сынып	63,8 %	61,0 %	61,4 %	64,6 %	0,8 %

«Химия» пәні бойынша 1-тоқсан мен 3-тоқсан арасында білім сапасы 10-сыныптан басқа сыныптардың барлығында төмендеген. Тек 10-сыныпта білім сапасы 1,4 %-ға өсім көрсетті. Жылдық өсім орташа есеппен – 0,9%-ды құрап отыр.

«Химия» пәні бойынша білім сапасы (%)




«Биология» пәні бойынша білім сапасының көрсеткіштері

№	Сыныбы	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан	арту/ төмендеу
1	7-сынып	71,0 %	68,1 %	69,9 %	71,9 %	0,9 %
2	8-сынып	70,0 %	69,2 %	69,4 %	71,3 %	1,3 %
3	9-сынып	71,5 %	67,0 %	67,5 %	71,9 %	0,4 %
4	10-сынып	69,0 %	67,7 %	67,2 %	70 %	1 %
5	11-сынып	70,0 %	66,0 %	66,1 %	70,5 %	0,5 %

«Биология» пәні бойынша 1-тоқсанмен салыстырғанда 2-3-тоқсандарда 7-11-сыныптарда білім сапасының төмендеуі байқалады. Алайда, 4-тоқсанда білім сапасында орташа есеппен – 0,8 % өсім байқалды.

«Биология» пәні бойынша білім сапасы (%)




«Ағылшын тілі» пәні бойынша білім сапасының көрсеткіштері

№	Сыныбы	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан	арту/ төмендеу
1	6-сынып	57,0 %	56,8 %	58,2 %	61 %	4 %
2	7-сынып	57,2 %	57,0 %	58,0 %	60 %	2,8 %
3	8-сынып	56,0 %	55,0 %	58,5 %	60 %	4 %
4	9-сынып	56,0 %	69,0 %	69,1 %	69,5 %	13,5 %
5	10-сынып	55,0 %	65,0 %	65,5 %	66 %	11 %
6	11-сынып	62,5 %	59,0 %	60,0 %	63 %	0,5 %

«Ағылшын тілі» пәні бойынша 6-10-сыныптарда білім сапасының артуы байқалса, 3-тоқсанда 11-сыныпта 2,5 %-ға төмендегенін көрсетіп отыр.

Білім сапасының артуы – 5,9 % көрсетіп тұр.

«Ағылшын тілі» пәні бойынша білім сапасы (%)




«ШЖМ-да цифрлық шешімдерді пайдаланып жүргізілетін офлайн сабақтар» моделі

«Математика» пәні бойынша білім сапасының көрсеткіштері

№	Сыныбы	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан	арту/ төмендеу
1	6-сынып	60,8 %	60,0 %	61,0 %	62 %	2 %
2	7-сынып	63,0 %	63,0 %	63,4 %	64 %	1 %
3	8-сынып	60,0 %	63,0 %	64,0 %	64,5 %	4,5 %
4	9-сынып	63,6 %	63,0 %	63,3 %	64,1 %	0,5 %
5	10-сынып	40,0 %	40,0 %	41,6 %	45,5 %	5,5 %
6	11-сынып	33,0 %	41,6 %	41,6 %	45 %	12 %

«Математика» пәні бойынша білім сапасының жылдық орташа өсімі – 4 %.


«Математика» пәні бойынша білім сапасы (%)



«Физика» пәні бойынша білім сапасының көрсеткіштері

№	Сыныбы	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан	арту/ төмендеу
1	7-сынып	80 %	80,50 %	80 %	80,5 %	0,5 %
2	8-сынып	83 %	83,30 %	85 %	85,5 %	2,5 %
3	9-сынып	63 %	63,20 %	64 %	65 %	2 %
4	10-сынып	61 %	69 %	70 %	70,1 %	9,1 %
5	11-сынып	57 %	58,30 %	60 %	60,1 %	3,1 %
6	11-сынып	80%	80,50%		80%	0,50%


«Физика» пәні бойынша білім сапасының орташа көрсеткіші – 2,95 %-ға артты.



«Химия» пәні бойынша білім сапасының көрсеткіштері

№	Сыныбы	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан	арту/ төмендеу
1	7-сынып	71,0 %	72,0 %	72,4 %	72,4 %	1,4 %
2	8-сынып	74,0 %	75,0 %	74,0 %	74,5 %	0,5 %
3	9-сынып	69,0 %	70,0 %	71,8 %	72 %	3 %
4	10-сынып	69,4 %	70,0 %	71,0 %	72,3 %	2,9 %
5	11-сынып	70,0 %	71,5 %	72,0 %	72 %	2 %

«Химия» пәні бойынша білім сапасының артуы байқалады, пайыздық көрсеткіш – 2,86 %-ды құрады.




«Биология» пәні бойынша білім сапасының көрсеткіштері

№	Сыныбы	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан	арту/ төмендеу
1	7-сынып	65,0 %	71,0 %	72,0 %	72,5 %	7,5 %
2	8-сынып	65,5 %	71,1 %	72,5 %	72,5 %	1,4 %
3	9-сынып	65,1 %	71,6 %	72,6 %	73 %	7,9 %
4	10-сынып	65,9 %	71,6 %	72,4 %	72,6 %	6,7 %
5	11-сынып	65,2 %	71,1 %	72,1 %	72,5 %	7,3 %

«Биология» пәні бойынша барлық сыныптарда білім сапасы 6 %-ға артқандығы байқалады.


«Биология» пәні бойынша білім сапасы (%)



«Ағылшын тілі» пәні бойынша білім сапасының көрсеткіштері

№	Сыныбы	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан	Өсім/ кему
1	6-сынып	69,1 %	72,4 %	74,2 %	75 %	5,9 %
2	7-сынып	69,0 %	72,1 %	74,0 %	74,5 %	5,5 %
3	8-сынып	69,1 %	72,0 %	74,2 %	74,6 %	5,5 %
4	9-сынып	69,0 %	72,6 %	74,3 %	75 %	6 %
5	10-сынып	69,2 %	72,2 %	74,1 %	75,2 %	6 %
6	11-сынып	69,6 %	72,0 %	74,3 %	75 %	5,4 %

«Ағылшын тілі» пәні бойынша білім сапасының артуы байқалады, орташа көрсеткіш – 5,7 %.



Пилоттық жоба шеңберінде білім сапасының көрсеткіштері негізінде жүргізілген мониторинг қорытындысы бойынша 3 оқыту моделі де өзіндік тиімділігін көрсетті.

Жоба бойынша қорытындылар мен ұсыныстар

Қорытынды:

1. Қашықтан оқыту форматында жүргізілген «Математика», «Физика», «Химия», «Биология» және «Ағылшын тілі» пәндерінің білім сапасы тұрақты;
2. Сабақтың қысқа мерзімді жоспарларын педагогтер «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, орта, арнайы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізуге міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығын басшылыққа алып құрастырды;
3. Қашықтан оқыту форматында бірнеше педагог бірлесіп қысқа мерзімді сабақ жоспарын әзірлеуге бейімделді;
4. Педагогтер онлайн сабақтарды өткізуде білім беру ресурстарын тиімді пайдалану дағдыларын меңгерді;
5. Педагогтер оқу материалдарын әзірлеуде әртүрлі цифрлық қосымшаларды оңтайлы қолданып, сапалы сабақтар өткізді;
6. Педагогтер қашықтан оқыту форматында білім алушылармен белсенді қарым-қатынас орнату әдістерін меңгерді;
7. Педагогтер кері байланыс беру және бағалау жүргізуде цифрлық технологияларды пайдаланды;
8. Тірек және шағын жинақты мектеп педагогтерінің арасында тиімді коллаборация орнады;
9. Бірнеше ауыл мектептері білім алушылары арасында әлеуметтену іске асырылып, сабақ барысында білім алушылар өзара пікір алмасып, ойларын көпшілік алдында ашық айтуға дағдыланды;
10. Онлайн режимде сабақтар жүргізуде педагогтер этикалық талаптарды сақтауға дағдыланды;
11. Пилоттық жоба шағын жинақты мектеп педагогтері мен білім алушыларының әлеуетін арттыруға айтарлықтай үлесін қосты;
12. «Стриминг» режимінде білім алушылармен тиімді кері байланыстар орнатуға, білім алушылардың белсенділік деңгейін бағалауға, педагог қолданатын оқыту әдіс-тәсілдерінің тиімділігін бағалауға мүмкіндігінің жоқтығынан жеке оқу моделі ретінде қарастырудың тиімсіздігі анықталды;
13. Ауыл мектептері арасында педагогтердің ортақ пәндік әдістемелік топтары құрылып, бірлесе білім сапасын арттыруға бағытталған жұмыстары іске асты;
14. Қашықтан оқытудың тиімділігін бағалау және оны жақсартуға ұсыныстар беруде ата-аналар, білім алушылар мен педагогтер қатысты.

Ұсыныстар:

1. «Стриминг» режимінде онлайн сабақтарға қатысушылардың көптігіне байланысты әр білім алушымен тиімді кері байланысты қамтамасыз етуде қиындықтар туындайтындықтан, «Стримингті» жеке оқыту моделі ретінде емес, қашықтан оқытудың бір түрі ретінде қарастыру;
2. «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығының нормаларын сақтау;
3. Қашықтан оқытумен қамтылатын мектептердің интернет жылдамдығын жоғарылату;
4. Тиімді интерактивті оқу материалдарын әзірлеу және қолдануда педагогтерге жүйелі әдістемелік қолдау көрсету;
5. Қашықтан оқытудың әртүрлі құралдары мен технологияларын тиімді пайдалануда оқытуды жалғастыру;
6. Шағын жинақты ауыл мектебінің білім алушыларын бір интерактивті экран алдында емес, жеке техникалық құрылғылармен (ноутбук/компьютер, құлаққап, т.с.с.) қамтамасыз ету мүмкіндіктерін қарастыру;
7. Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарына қашықтан оқыту технологияларын жеке модель ретінде енгізуді қарастыру;
8. Білім алушылардың үлгерімі мен қашықтан оқытуға қанағаттану деңгейін үнемі бақылауда ұстау;
9. Қашықтан жүргізілетін сабақтарға бақылау жүргізу және педагогтермен кері байланыс орнату әдіс-тәсілдерін қалыптастыру;
10. Білім алушыларды ынталандырудың түрлі әдістерін қолдану, тұрақты кері байланыстар беруге машықтандыру;
11. Туындаған техникалық мәселелерді шешуге көмектесуде мектептерде білім алушылар мен педагогтерге техникалық қолдау көрсету қызметін құру;
12. Қашықтан оқытылатын білім алушылардың білім сапасына мониторинг жүргізіп, тиісті жұмыстарды жоспарлау;
13. Ата-аналарға қашықтан оқыту және қашықтан оқыту процесінде балаларға қолдау көрсету тәсілдері туралы ақпарат беру;
14. Пилоттық жобаны республика деңгейінде масштабтау мәселесін қарастыру ұсынылады.

Тірек және магнитті мектептердегі оқу процесінен көріністер

